

**Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңес
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Формат: Онлайн

2025 жылғы 6 желтоқсан

Төрағалықетті: А.Болатжан – Қоғамдық кеңестің төрағасы

Қатысқандар: (тізім бойынша).

Қатысқандар: Вице-министр Д.Мұсалиев, Комитет Төрағалары, Департамент директорлары (тізім бойынша), Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің жанындағы Қоғамдық кеңес мүшелері.

Күн тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Д.Мұсалиевпен танымдық кездесу.

Вице-Министрдің, Комитет Төрағаларының (Телекоммуникация комитеті, Ақпараттық қауіпсіздік комитеті), Департамент директорларының (Жобалық басқару саясаты департаменті, Халықаралық ынтымақтастық және инвестициялар департаменті) ақпараттары тыңдалып, назарға алынды.

Телекоммуникация комитетіне ұсынылсын:

1. 2026 жылдан бастап ТЖОБ (Телекоммуникация желілерінің орталықтандырылған басқару) қызметтері үшін төлем мөлшерлерін арттыру жоспарлануына байланысты, ТЖОБ шығындарын мемлекеттік қаржыландыруды қайта жаңғырту мәселесін қарастыруды, немесе байланыс операторларына аталған шығындарды ішінара немесе толық өтеуге бағытталған салықтық және (немесе) өзге де мемлекеттік преференциялар ұсынуды қарастыру;

2. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңеске «Байланыс туралы» заңға енгізілетін заңнамалық өзгерістер бойынша презентация ұсыну;

3. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңеске ұялы байланыс күшейткіштерін (репитерлерді) реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерге жоспарланып отырған өзгерістер туралы ақпарат беру;

4. Қоғамдық Кеңес мүшелерін ҚР Парламенті жанындағы «Телекоммуникациялар туралы» Заң жобасы бойынша құрылған Жұмыс тобының құрамына қосу.


Ақпараттық қауіпсіздік комитетіне ұсынылсын:

1. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Қоғамдық кеңеске «Киберқауіпсіздік туралы» заң жобасын және салыстырмалы кестесін ұсыну.

Цифрлық активтер және серпінді технологиялар комитетіне ұсынылсын:

1. ДӨО - жобалары, пилотсыз транспорт бойынша жобалар, сондай-ақ «Digital Kazakhstan» жалпыұлттық стратегиясын әзірлеу мәселелері жөнінде презентация ұсыну.

Қоғамдық Кеңес төрағасы



А. Болатжан